

ЖОБА

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**«Азық түлік қауіпсіздігіне бөлінген бюджет
қаражатының пайдаланылуына
мемлекеттік аудит жүргізу»**

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2022

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелеңін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды болік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Азық түлік қауіпсіздігіне бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес бюджеттен бөлінген қаржыны пайдаланудың тиімділігі;
- 2) Квазимемлекеттік сектор субъектісінің активтерін басқарудың;
- 3) Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

Түркістан облысы «Ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы (ұстеме тексеру).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған кезең:

- 1) Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы 01.01.2015 жыл - 30.09.2021 жыл.
- 2) «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы 01.01.2020 жыл - 30.09.2021 жыл.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2021 жылға арналған тізбесіне сәйкес, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мен «Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамына «Азық түлік қауіпсіздігіне бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 24.11.2021 жыл - 24.12.2021 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 2 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 1 мемлекеттік мекемеде және ұстеме тексеру 1 акционерлік қоғамда жүргізілді.

«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің миссиясы Түркістан облысында ауыл шаруашылығы және ветеринария салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының негізгі міндеті агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламаларын іске асыру, өсімдік шаруашылығын дамыту бойынша іс-шараларды іске асыру, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық технологияларды енгізу, облыстың агроөнеркәсіптік кешенінде іс-шараларды іске асыруға жәрдемдесу, астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, тұқым шаруашылығы саласында, өсімдіктер карантині саласында, мақта саласын дамыту саласында және өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

«Түркістан» Өлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан облысының) өлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 20 шілдедегі № 170 қаулысына сәйкес мемлекеттің жұз пайыз қатысуымен құрылған.

«Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустримальық-инновациялық даму және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі №17н/қ бұйрығы және «Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылғы 14 наурыздағы №14-11-06/746 хаты негізінде «Шымкент» ӘҚК» ҰК» акционерлік қоғамының Жарғысына, қоғамның мекенжайы және қызметінің түрлері бойынша өзгерістер енгізілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 шілдедегі Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып, атауын өзгертken және облыс орталығы болып Түркістан қаласы анықталған. Шымкент қаласына мемлекеттік маңызы бар қала ретінде статус берілгендейten, «Шымкент» ӘҚК» ҰК» акционерлік қоғамының атауы «Түркістан» ӘҚК» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) болып өзгертілген. Осыған сәйкес, 2018 жылдың 17 қыркүйектегі №46н/қ Қоғам жалғыз акционерінің бұйрығы негізінде Қоғам Жарғысына қажетті өзгерістер енгізілген.

Қоғамның миссиясы – мемлекет пен бизнес серіктестігі қағидаттарында Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытуға жәрдемдесу.

«Түркістан» ӘҚК» АҚ қызметінің басты қағидаттары — тиімділік, бәсекеге қабілеттілік, инвестициялық тартымдылық, акционерлер мен серіктестердің мұдделерін теңгерімді сақтау болып табылады.

2021 жылдың 30 қыркүйегіне «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ-ның ұсынған мәліметіне сәйкес «Азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасының шеңберінде 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» бойынша азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мен «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ұлттық компаниясы» АҚ арасындағы 2015 жылғы 26 қазандағы №107 келісім шартқа сәйкес жергілікті бюджеттен 1 840 000,0 мың тенге бөлінген.

Аталған келісім шарт 2018 жылды 29 желтоқсанда және 2021 жылды 14 сәуірде 3 жылға мерзімі ұзартылған.

Тұрақтандыру қорында барлығы 1 840 000,0 мың теңгенің есебі 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша келесідей.

Оның ішінде:

Тауарларды сатудан түскен және жеткізушілерден қаражатты қайтару бойынша түскен қаражат: 593341,7 теңге (Халық банк есебінде) депозит айналымында.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі Тұрақтандыру қойmasындағы тауарлардың 9-түрі бойынша 18653,9 мың теңге.

2017-2018 жылдар аралығындағы азық-тұлік тауарларын жеткізушілерден пайда болған берешектер 695 853,0 мың теңге. Аталған берешектерді қайтару бойынша құқық қорғау органдарымен толық жұмыс жүргізілуде.

«Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың Қағидаларын бекіту туралы» Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 253 қаулысының 4 тарауына сәйкес 2021 жылды «Magnum Cash&Carry» ЖШС-не 200 000,0 мың теңге қарыз берілген.

2016-2020 жылдар аралығында Тұрақтандыру қорындың азық-тұлік тауарларын сатушы комиссиянерлерден пайда болған берешектер 87308,4 мың теңге.

2017 жылды Тұрақтандыру қойmasында орын алған қылмыстық-іс бойынша сот үкімінің бойынша өндірілетін қаржы 156014,5 мың теңге.

2015-2019 жылдар аралығындағы азық-тұлік тұрақтандыру қорындың шығындары бойынша 2015-2018 жылдары ӘМАТ-қа бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі Комиссияның шешімдеріне сәйкес, азық-тұлік тауарларын сату сатып алу бағасынан төмен бағамен жүзеге асырылған. 2015-2019 жылдарға жиынтық шығындары 88828,5 мың теңге қураған.

1098,0 мың теңге «Али» ЖК –нің мемлекеттік баж төлемі.

«Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы бойынша 2020 жылды 5 кәсіпкерлік субъектісіне 115,0 млн. теңге қарыз берілген (оның ішінде Түркістан-1, Арыс-3, Кентау-1).

2020 жылдың қорытындысымен тұрақтандыру құны 537,3 млн. теңгелік 6 517,0 тонна тауар түрі болған. Оның ішінде:

- Қоймада 278,9 тонна (ұн 159,9 т., картоп – 25,6 т., пияз – 23,6 т. Қант – 12,1 т., рожки – 9,3 т, күріш – 8 т, тұз 15 т, сәбіз 22,7 т.);
- қоймаға келер жолда 42,5 тонна (картоп – 20 т, пияз -22,5 т);
- жеткізушілердің қоймаларында 6 196,4 тонна (картоп – 4 132,4 т., сәбіз – 996,8 т., пияз – 1 014,2 т, күріш – 22 т, күнбағыс майы – 29,0 т).

2020 жылы 50 тн қарақұмық, 101 тн қырыққабат, 32 тн рожки, 59 тн картоп, 101,8 тн сәбіз, 53 тн қант, 6,6 тн сиыр етін сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жалпы көлемі 403,4 тоннаны құраған.

«Ғажайып-П» ЖШС 13 әлеуметтік дүкен мен 5 сауда үйіне құны 78 теңгелік әлеуметтік нан жеткізуі қамтамасыз еткен.

Азық-тұлік тауарларын тұрақтандыру қорының депозитінде 620,7 млн. теңге орналастырылған.

Азық-тұлік тауарлары Түркістан қаласындағы 13 әлеуметтік дүкен мен 5 сауда үйінде сатылған.

2020 жылы Азық-тұлік тауарларының тұрақтандыру қоры әлеуметтік дүкендер мен өткізілген жәрмеңкелер арқылы жалпы сомасы 141,4 млн. теңге 991,6 тонна азық-тұлік тауарларын сатқан.

2021 жылы «Айналым схемасы» шеңберінде «Magnum Cash&Carry» ЖШС-не 200 млн.теңге қарыз берілген.

2021 жылдың 9 айында тұрақтандыру қорында 5 872,9 тонна тауар түрі болған. Оның ішінде

- қоймада 81,4 тн. (ұн – 11,2 т., картоп-10,8 т., сәбіз-16,2 т., пияз – 7,9 т., қант-0,05 т., күріш – 1,15 т., рожки – 6 т., тұз – 8,4 т., күнбағыс майы19,7 т.);

- Келісім шарт бойынша жеткізушілердің қоймаларында 5 791,5 тн. (ұн – 70 т., картоп – 4 049,7 т., сәбіз – 937,4 т., қырыққабат – 142 т., пияз – 245,6 т., қант – 48 т., күріш – 243,8 т., рожки -55 т.).

Түркістан қаласы аумағында 13 әлеуметтік дүкендері мен 5 сауда үйлерінде 17 түрлі (сиыр еті мен сүзбеден басқа) азық-тұлік тауарлары келесідей бағада сатылған: ұн 150 тг, қарақұмық 425 тг, наң 70 тг, рожки 186 тг, тауық еті 870 тг, сүт 230 тг, айран 250 тг, жұмыртқа 32 тг, сары май 2200 тг, күнбағыс майы 665 тг, пияз 100 тг, қырыққабат 156 тг, сәбіз 150 тг, картоп 100 тг, қант 280 тг, тұз 43 тг, күріш 245 тг.

Оның ішінде 7 өнім (картоп, сәбіз, пияз, ұн, тұз, күріш, рожки) азық-тұлік тауары Тұрақтандыру қоры қоймасынан, «Али Сауда» ЖШС арқылы 6 өнім (қант, қарақұмық, күнбағыс майы, жұмыртқа, тауық еті, қырыққабат), «Сайрам сүт» ЖШС арқылы 3 түрлі сүт өнімдері (сүт 2,5% айран 2,5% және сары май), «Ғажайып-П» ЖШС наубайханасы арқылы әлеуметтік нан жеткізілген.

Сонымен қатар, 2021 жылы Түркістан облысының 6 аудан әкімдігімен (*Сайрам, Тұлкібас, Шардара, Қазығұрт, Сарыагаш, Келес*) бірлесіп 16 ауылға көшпелі сауда жүргізілген. Халықта жалпы сомасы 12,6 млн.тенгеге 101 тонна тауар сатылған. Жыл басынан бері Түркістан қаласында 21 азық-түлік тауарларының жәрменекесі өткізілген. Жәрменекеде 7,2 млн. тенге сомасына 67,1 тн. тауар сатылған.

Әр жұма сайын Түркістан қаласындағы Экобазарда азық-түлік тауарлары жәрменекесінде тауарлар нарықтық төмен бағада сатылған.

2021 жылы тұрақтандыру қоры әлеуметтік павильондар, жәрменекелер және көшпелі сауда арқылы жалпы сомасы 36,0 млн.тенгеге 355,1 тн. азық-түлік тауарларын сатқан.

«Түркістан» ӨКК» АҚ-ы «Азық түлік тауарларының қорын қалыптастыру» мақсатында «Түркістан» ӨКК» АҚ-ы мен жеткізушилер арасындағы салыстыру актілеріне сәйкес:

- 2021 жылдың 1 қантарына барлығы 710 139,2 мың тенге, атап айтқанда: «Meat Agro Company» ЖШС-і 265579,4 мың тенге, «Агросервис-Аққу» ЖШС-і 423254,1 мың тенге, «Жанибеков» ЖК 185,9 мың тенге, «Максат» ШК-ы 15980,0 мың тенге, «Шарипов» ШК-ы 5139,8 мың тенге дебиторлық қарыздар қалыптасқан.

- 2021 жылдың 1 қазанына барлығы 695 853,0 мың тенге, атап айтқанда: «Meat Agro Company» ЖШС-і 265579,4 мың тенге, «Агросервис-Аққу» ЖШС-і 411 712,1 мың тенге, «Жанибеков» ЖК 185,9 мың тенге, «Максат» ШК-ы 15 980,0 мың тенге, «Шарипов» ШК-ы 2 395,6 мың тенге дебиторлық қарыздар қалыптасқан.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Осы аудиторлық іс-шарамен жалпы 1 840 000,0 мың тенге қамтылды.

Атап айтқанда 2015 жылы бюджеттен бөлінген 1 840 000,0 мың тенгенің 83 000,0 мың теңгесі жұмсалып, қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының екі түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 4,5 % пайдаланылған.

2016 жылы 210 000,0 мың тенгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бір түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 11,4 % пайдаланылған.

2017 жылы 562 930,0 мың тенгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 9 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 30,6 % пайдаланылған.

2018 жылы 589 231,3 мың тенгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 9 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 32,0 % пайдаланылған.

2019 жылы 101 000,0 мың тенгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 1 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 1,8 % пайдаланылған.

2020 жылы 108 602,5 мың теңгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 8 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 1,7 % пайдаланылған.

2021 жылдың 1 қаңтары мен 30 қыркүйек аралығында қоғам 135 081,0 мың теңгеге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 6 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 7,3 % пайдаланылған.

Жалпы, осы мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында қоғамның 2020 жылы берілген қарызы толығымен келісім шарт бойынша орындалған.

Жалпы аудитпен қамтылған 2 обьектіде қаржылық бұзушылықтар сомасы анықталмаған.

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 7 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды. Оның ішінде: Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасында 4 бірлік, Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясында 3 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды.

Аудит барысында бұзушылықтарды атап айтқанда:

«Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды:

1) 2020 жылы және 2021 жылдың 1 қаңтарынан 30 қыркүйек аралығында (2 рәсімдік бұзушылық) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №280 бұйрығымен бекітілген қағиданың 30 тармағының талаптары сақталмай, «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда обьектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізбegenі анықталды.

2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышының кейбір мәселелері туралы» №702 Жарлығына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп қайта аталған. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшірілген.

Осыған орай, Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 шілдедегі «Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» №201 қаулысына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы №135 қаулысына өзгерістер енгізіліп, «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже жаңа редакцияда жазылдып бекітілген.

Алайда, (*1 рәсімдік бұзушылық*) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) өзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 195 бұйрығымен бекітілген қағиданың 24 тармағының талаптары сақталмай, «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесімен бүгінгі күнге дейін «Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілмеген және беру актісі мен бөлу балансына сәйкес нәтижелер көрсеткіштері өзертіле отырып қайта бекітілмеген.

3) «Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Түркістан әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы 2018 жылдың 29 желтоқсанында үш жыл мерзімге «Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасының шенберінде «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» деген 159 ерекшелік бойынша азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы №118 келісім шартқа тұрган. (*1 рәсімдік бұзушылық*) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандығы № 1280 Қаулысымен бекітілген «Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану» Қағидасының 8-тармағының талаптары сақталмай, комиссияның жұмыс органды болып табылатын Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы өзінің мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі қызметтерді сатып алуды қарастырмаған.

«Түркістан әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы бойынша З бірлік:

1) Түркістан облысын тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын сақтау қоймасында 7-тауар тұрлери Ұн, қант, тұз, күн бағыс майы және арнайы температура режиміндегі мұздатқыш камерада пияз, сәбіз, картоп тиісті арнайы арналған камераларда сақталғаны анықталды. Сонымен қатар, (*1 рәсімдік бұзушылық*) «Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың Қағидаларын бекіту туралы» Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 253 қаулысының 7-тармағы 1-тармақшасының талабы орындалмай, 2021 жылы Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тұрақтандыру қорының тауарларын сатушы комиссionерлер тек Түркістан қаласы бойынша ғана 13 әлеуметтік дүкен және Түркістан қаласы бойынша 5 сауда орталығы жұмыс атқарғаны анықталды.

2) Азық түлік тауарларының қорын қалыптастыру мақсатында «Түркістан» ӘҚК» АҚ-ы мен ЖК «Шарипов» арасындағы 2018 жылғы 11 сәуірдегі №1104-01 сатып алу келісім шартына сәйкес 2019 жылы 23 сәуірде 27 тонна пиязды «Түркістан» ӘҚК» АҚ-ы қоймасына жеткізіп берілген. Комиссионерлер арқылы 8,0 тонна пияз сатылған. Аталған пияздың қоймада сақтау жағдайларына және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне «Түркістан» ӘҚК» АҚ-ы және Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы қызметкерлерімен мониторинг жүргізілген. Мониторинг нәтижесімен пияздың тұтыну қалпын жоғалтып алғандығы анықталған. Аталған пияз 2019 жылы қазан айында өндірілген, 2020 жылғы жаңа пияздың нарықтық бағасы (60-65 теңге) төмендеуіне байланысты және пияздың сатуға жарамсыз болғандығы, комиссионерлер тарапынан өтінім түспегені және тұрғындардан сұраныс болмағандығы анықталған.

Аталған мәселеге байланысты 2020 жылы 18 маусымда комиссия отырысы өткізіліп №40 хаттама түзілген. Аталған хаттамада, «Түркістан» ӘҚК» АҚ-ы тұрақтандыру қорының сол кезде Шымкент қаласында орналасқан қоймасындағы 18,2 тонна, жалпы соммасы 955 500,0 теңге сатуға жарамсыз болған пиязды жою, депозиттегі қаржы есебінен кеткен шығынның орнын толықтыру шаралары атқарылсын делінген. (1 рәсімдік бұзушылық) 2020 жылды 18 маусымда комиссия отырысының №40 хаттама талаптары орындалмай, депозиттегі қаржы есебінен 18,2 тонна жалпы соммасы 955 500,0 теңге сатуға жарамсыз болған шығын жабылмаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қағидаларының 26,27,28,29 тармақтарының және Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 253 қаулысымен бекітілген «Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың Қағидаларын бекіту туралы» қағидасының 24,25 тармақтары сақталмаған.

3) Мамандандырылған ұйым өнірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етпеген. Сонымен қатар, өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырмастан, депозиттегі қаржы есебінен 18,2 тонна жалпы соммасы 955 500,0 теңге сатуға жарамсыз болған шығын жабылмаған.

(1 рәсімдік бұзуышылық) Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қағидаларының 26,27,28,29 тармақтарының және Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 253 қаулысымен бекітілген «Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың Қағидаларын бекіту туралы» қағидасының 24,25 тармақтары сақталмаған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе)

«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің миссиясы Түркістан облысында ауыл шаруашылығы және ветеринария салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

«Түркістан» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыру мақсатында құрылған.

«Түркістан» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы қызметінің басты қафидаттары — тиімділік, бәсекеге қабілеттілік, инвестициялық тартымдылық, акционерлер мен серіктестердің мұдделерін теңгерімді сақтау болып табылады.

2021 жылдың 30 қыркүйегіне «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның ұсынған мәліметіне сәйкес «Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасының шеңберінде 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» бойынша азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мен «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ арасындағы 2015 жылғы 26 қазандағы №107 келісім шартқа сәйкес жергілікті бюджеттен 1 840 000,0 мың тенге бөлінген.

Аталған келісім шарт 2018 жылы 29 желтоқсанда және 2021 жылы 14 сәуірде 3 жылға мерзімі ұзартылған.

Тұрақтандыру қорында барлығы 1 840 000,0 мың тенгенің есебі 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша келесідей.

Оның ішінде:

Тауарларды сатудан түсken және жеткізушілерден қаражатты қайтару бойынша түсken қаражат: 593 341,7 теңге (Халық банк есебінде) депозит айналымында.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі Тұрақтандыру қоймасындағы тауарлардың 9-түрі бойынша 18 653,9 мың теңге.

2017-2018 жылдар аралағындағы азық-түлік тауарларын жеткізушілерден пайда болған берешектер 695 853,0 мың теңге. Аталған берешектерді қайтару бойынша құқық қорғау органдарымен толық жұмыс жүргізілуде.

«Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың Қағидаларын бекіту туралы» Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 253 қаулысының 4 тарауына сәйкес 2021 жылы «Magnum Cash&Carry» ЖШС-не 200 000,0 мың теңге қарыз берілген.

2016-2020 жылдар аралығында Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын сатушы комиссionерлерден пайда болған берешектер 87308,4 мың теңге.

2017 жылды Тұрақтандыру қоймасында орын алған қылмыстық-іс бойынша сот үкімінің бойынша өндірілетін қаржы 156 014,5 мың теңге.

2015-2019 жылдар аралығындағы азық-түлік тұрақтандыру қорының шығындары бойынша 2015-2018 жылдары ӘМАТ-қа бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі Комиссияның шешімдеріне сәйкес, азық-түлік тауарларын сату сатып алу бағасынан төмен бағамен жүзеге асырылған. 2015-2019 жылдарға жиынтық шығындары 88828,5 мың теңге құраған.

1098,0 мың теңге «Али» ЖК –нің мемлекеттік баж төлемі.

КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаментінің (*мәлімет алынған сайт* www.stat.gov.kz) мәліметіне сәйкес, 2021 жылдың 1 қантарға Түркістан облысының халық саны 2 044,7 мың адамды құраған.

Алайда, «Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру қоры бойынша облыстың 8,8 пайыз халқын немесе 179,7 мың адамды ғана қамтып, (*Түркістан қаласының халқы 179,7 мың адам*) тек Түркістан қаласы бойынша ғана 13 әлеуметтік дүкен және 5 сауда орталығы жұмыс атқарған.

Ал қалған облыстың 91,2 пайызын немесе 1 865,0 мың халқын әлеуметтік экономикалық дамыту және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру қорымен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілмеген.

Атап айтқанда: Арыс қаласы бойынша 76,9 мың адам, Кентау қаласы бойынша 101,1 мың адам, Бәйдібек ауданы бойынша 54,4 мың адам, Жетісай ауданы бойынша 173,9 мың адам, Мақтаарал ауданы бойынша 133,5 мың адам, Ордабасы ауданы бойынша 122,3 мың адам, Отырар ауданы бойынша 54,2 мың адам, Келес ауданы бойынша 143,5 мың адам, Қазығұрт ауданы бойынша 108,5 мың адам, Сайрам ауданы бойынша 218,6 мың адам, Сарыагаш ауданы бойынша 193,7 мың адам, Сауран ауданы бойынша 108,6 мың адам, Созақ ауданы бойынша 62,9 мың адам, Төлеби ауданы бойынша 120,6 мың адам, Тұлкібас ауданы бойынша 113,0 мың адам, Шардара ауданы бойынша 79,3 мың адам.

Жалпы жоғарыда аталған кемшіліктерді ескере келе Тұрақтандыру қорының жұмысын тиімсіз деп бағалаймыз.

III. Қорытынды болік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында шаралар қабылданбады.

Сондай-ақ, Түркістан облысы бойынша Тексеру комиссиясымен түзілген аудиторлық есепке «Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қогамы тарапынан 1,2,3 тармақ бойынша 12.01.2022 жылғы №02-1-9/12 (*ишик кіріс 12.01.2022 жыл №27*) қарсылық хаты келіп түсken.

Алайда, көрсетілген қарсылық хатқа Тексеру комиссиясы тарапынан, толығымен зерделеніп, талдау жасалынып дәлелді негіздер жоқ екендігі анықталды.

Нәтижесінде акционерлік қогамға қарсы пікірде көрсетілген деректері негізсіз болып табылатыны жөнінде 20.01.2022 жылы №02/258 санды шығыс хаты жолданды.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

Жалпы 2015 жылы бюджеттен бөлінген 1 840 000,0 мың теңгениң 83 000,0 мың теңгесі жұмсалып, қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының екі түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 4,5 % пайдаланылған.

2016 жылы 210 000,0 мың теңгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бір түрін сатып алған немесе жалпы бөлінген қаржының 11,4 % пайдаланылған.

2017 жылы 562 930,0 мың теңгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 9 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 30,6 % пайдаланылған.

2018 жылы 589 231,3 мың теңгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 9 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 32,0 % пайдаланылған.

2019 жылы 101 000,0 мың теңгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 1 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 1,8 % пайдаланылған.

2020 жылы 108 602,5 мың теңгеге қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 8 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 1,7 % пайдаланылған.

2021 жылдың 1 қаңтары мен 30 қыркүйек аралығында қоғам 135 081,0 мың теңгеге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 6 түрін сатып алған, немесе жалпы бөлінген қаржының 7,3 % пайдаланылған.

Сонымен қатар «Азық түлік қауіпсіздігіне бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, мемлекеттік аудит объектісі тарапынан «Түркістан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың Қағидаларын бекіті туралы» Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 253 қаулысының, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бүйрығымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қағидаларының және Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Түркістан облысы әкімінің өкімімен Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссия хаттамасының талаптары сақталмауынан орын алған.

Яғни, бюджет қаражатының жұмысалуы бойынша сапалы мониторингінің жүргізілмеуі және бюджет қаражатын пайдалану кезінде қолданыстағы заңнаманың сақталмауының салдарынан рәсімдік сипаттағы бұзушылықтарға жол берілген.

Және де облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу мақсатында, Қоғам тарапынан құрылған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыру қоры, тек Түркістан қаласы бойыншаған 13 әлеуметтік дүкен және 5 сауда орталығы жұмыс атқарып, облыстың басқа аудан, қалаларында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілмегендігін және жоғарыда көрсетілгендей 2015-2021 жылдар арасында Тұрақтандыру қорына бөлінген 1 840 000,0 мың теңге тиімсіз жұмысалған деп есептейміз.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар:

1. «Азық түлік қауіпсіздігіне бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» іс-шарасының нәтижесі бойынша аудиторлық қорытынды бекітілсін.

2. Аудиторлық қорытынды бойынша «Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне ақпарат жолдансын.

3. Аудиторлық қорытынды бойынша «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамына ақпарат жолдансын.

4. Аудиторлық қорытынды бойынша «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне ақпарат жолдансын.

5. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облыстық мәслихатына ақпарат жолдансын.

6. Аудиторлық қорытындыда көрсетілген бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою мақсатында мемлекеттік аудит объектілеріне нұсқама жолдансын.

1. «Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2022 жылғы 31 наурызына дейін мекемеде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2. «Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының директорына:

1) 2022 жылғы 31 наурызына дейін Қоғамда, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.